

**Шардара ауданының білім бөлімі
«Алтын білім» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Бекітемін:

«Алтын білім» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: _____ А.Кокишева



**МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМАСЫ**

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 1 хаттамасы

05.09.2023 ж

Қатысқаны-10

Қатыспағаны-0

Күн тәртібі:

1. Балалабақша ішілік еңбек тәртібін 2024-2025 оқу жылына бекіту.
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары бойынша заттық дамытушы орталықтарды жаңарту.
3. Педагог мамандарының жаңа оқу жылында жүргізетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру, бекіту.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Алихановна «Алтын білім» бөбекжай балабақшасының 2024-2025 ішкі еңбек тәртібі :

Осы ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелері ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Білім туралы» заңына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, ұжымдық шартқа сәйкес әзірленді. Ереженің мақсаты еңбек тәртібін нығайтуға, еңбекті тиімді ұйымдастыруға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, еңбектің жоғары сапасына қол жеткізу үшін жағдай жасауға, еңбекті қорғау мен қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға септігін тигізу болып табылады деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Бақша меңгерушісі Айнур Алиханована екінші мәселе бойынша МДҰ-ғы білім беру стандартының талаптары бойынша заттық дамытушылық ортаны құру тәрбиеленушілер үшін жағдай жасау деген сөз. Заттық-дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Заттық- дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құруға болады:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- демалыс орны;
- кітап бұрышы;

- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;
- мамандықтар әлемі, атап айтқанымдай біздің барлық топтарымызда жатын, ойын бөлмелерімізде кітап бұрышы электронды болсада қолжетімді болуы, біздің техникалық базамызда бәрі жеткілікті, қосымша тағы ерекшелендіру педагогтар өз идеяларын ортаға тастап, тағы жандандыруымызға болады. Әрине жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасайсыздар деді.

Тыңдалды: Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері **М.Таласова** тәрбиешілердің жаңа оқу жылында жүргізетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру, бекітілуі бойынша сөйледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» бойынша 1 қосымша, 2- қосымшалар бойынша перспективалық жоспарлар, циклограмма, баланың жеке даму картасы негізгі осы үш құжатты басшылыққа ала отырып жұмыстар орындалғанын, қазір барлық құжаттар бекітіліп, тексеріліп, білім беру процесі жүйелі жоспарлы түрде жүріп жатқандығын айтып өтті.

Шешім:

1. Балабақша ішілік еңбек тәртібін 2024-2025 оқу жылына бекітіліп, таныстырылсын.
2. Заттық дамытушы орталар мазмұны толықтырылсын. Жауапты: тәрбиешілер.
3. Балалардың білім деңгейін көтеруіне жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

А.Кокишева

Хатшы:

Г.Рисмухамедова



Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 2 хаттамасы

11.11.2023 ж

Қатысқаны-10

Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде:

1. Жылу маусымына дайындық.
2. Перспективалық жоспар мен циклограмманың сапасын тексерудің нәтижесі. Кіші жас топтары.

Тыңдалды: Өткен кеңестің қаулыларының орындалу нәтижесіне балбақша меңгерушісі А.Кокишева тоқталып өтті. Балалабақша ішілік еңбек тәртібін 2024-2025 оқу жылына бекітіліп, таныстырылып, қол қойылды. Заттық дамытушы орталарды толықтырулар бойынша жұмыстар жүргізіліп, әсіресе ортаңғы топ «Балдырған», «Балбөбек» топтарында ұйымдастырылған дамытушы орта ерекше көзге түсті. Жасына сай, нормативтегі негізгі болуы керек нәрселерді орындаған.

«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру кезінде де анықталған кемшілік айтылған мерзімде 09.09 .2023ж дейін орындалғанын, ойын құралдары, заттық дамытушы ортаны толықтыру, қимылды ойын атрибуттары бала санына толықтырылғанын, табиғат бұрышында гүлдер көбейтіліп, балалар оларға қызыға күтім жасап жатқанын айтып өтті.

Сөйледі: Балабақша әдіскері М.Таласова тәрбиеленушілердің білім деңгейін көтерілуінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бастапқы мониторингінің нәтижесі бойынша «Қарлығаш» және «Балауса» кіші топтарында дағдыларының меңгеруі бойынша тәрбиешілер тәрбиеленушілермен жеке жұмысты күшейткенін айтып өтті.

Сөйледі:Бақша меңгерушісі А.Алихановна бақшамыздың жылу маусымының жұмыстары жүріп жатқандығын айтып, біршама тапсырмаларды шаруашылық меңгерушісі жүктеді.

Тыңдалды: Әдіскер Таласова Майра Анатолийқызы перспективалық жоспар мен циклограмманың сапасын тексерудің нәтижелеріне тоқталды.

Ол сөзінде: Ұйымдастырылған іс-әрекет – Үлгілік бағдарламаның мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген әрекеті.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-

әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық- кеңістіктік орта құру.

Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы жазылады, егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылады. Содан кейін Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әр күнге кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалады.

Осы айтылған негізгі нұсқаулықтағы ережелерді ескере отырып сараптау, тексеру, қадағалау жұмыстары жүргізілді. Кемшіліктер болды, бірақ қазір оның барлығы қайта қаралып, орындалды.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалуы қанағаттанарлық.
2. Жылу маусымына дайындық жұмыстары жалғасын тапсын.
Жауапты: ш/м С.Есетхановна
3. Жаңа жыл ертеңгілік сценарилері бекітілсін.
4. Мерекелік ертеңгілік 22-27 желтоқсан күндері өткізілсін.
Ата-аналар іс-шараға қатысуына ықпал жасалсын.

Жиналыс төрайымы:

А.Кокишева

Хатшы:

Г.Рисмухамедова



Меңгеруші жанындағы кеңестің

№3 хаттамасы

10.01.2024ж

Қатысқандар -11

Қатыспағаны-0

Күн тәртібі:

1. Үлгілік оқу бағдарлама негізінде аралық мониторинг балалардың білім алу дағдыларын анықтау нәтижелерін талқылау.
2. Қысқы табиғатты жабдықтау топтарды.
3. Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін бекіту.

Тыңдалды: Өткен кеңестің орындалуына тоқтала кетсек: Жылу маусым жұмыстары сапалы түрде жалғасын тауып келеді. Себебі балалардың қауіпсіздігі біз үшін маңызды. «Жаңа жыл-2025!» мерекелік іс-шарамызда жоғары деңгейде өтті. Ата-аналарда өз үлесін қосып, белсенді болды. Тәрбиеленушілер еркін, ашық, көңілді болды. Өнерлері тамаша. Балалар білім мен қатар шығармашыл, өнерлі.

Тәрбиеленушілердің аралық мониторингі бойынша әдіскер М.Таласоваға сөз берді.

Сөйледі: Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша да айтып өткеніміздей кіші топтармен жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде аралық мониторингте өзіміз күткен нәтижеге қол жеткіздік. Ортаңғы топтар, ересек топтар, және мектепалды топтарыныңда аралаық мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеймін деді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша меңгеруші А.Алихановна топтарды қысқы табиғатты тек дала ғана емес тәрбиеленушілер ойын тіпті жатын бөлмесіндеде сезінсе екен. Көрнекіліктермен, әсемдеумен толса онда балалардың дағдылары да сол әсемдікті көру, тану, білу ұстау, сезіну арқыла да біледі. Сол үшін топтарымызды қысқы табиғат бейнесімен әсемдеп, көркенілік жасап толтыру қажет деді.

Сөйледі: Психолог Сарманова Алия Пердебаевна педагогтарымызды шыңдау, жаңа идеялар ұсынып, өз тәжірибелерімен бөлісіп, жаңашыл, идеяшыл, ізденушіліктерін арттыру мақсатында «Білімді тәрбиеші» тақырыбында байқау өткізсек деп шешкен болатынбыз. Бұл ойды әдіскермен талқылап ұсынысымызды айттық.

Сөйледі: Әдіскер М.Таласова байқауды ұйымдастыруды қолға алып, байқау шарттарын дайын екендігін айтты. Ақпан айында өткізетін «Білімді тәрбиеші» байқауына қатысты сұрақтар талқыланды. Тәрбиешілерге жоғары деңгейде дайындалуын ескертті.

Жиналыс соңынан ортақ шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Өткізілген мерекелер жақсы дәрежеде өтті деп бағалансын.
3. Балалардың білім деңгейін көтеруге жұмыла жұмыс жүргізілсін.
4. «Білім тәрбиеші» байқау шарттары бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:

А.Кокишева

Хатшы:

Г.Рисмухамедова



Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 4 хаттамасы

03.03.2024 ж

Қатысқаны-10

Қатыспағаны -0

Күн тәртібінде:

1. Педкадрларды аттестаттау жұмысының есебі.
2. Мерекелік ертеңгіліктер мазмұны мен сапасын талқылау.
3. Білім сапасы мен мазмұндылығын бақылау нәтижелері.
(Қоршағана ортамаен танысу, көркем әдебиет, сурет салу мен мүсіндеу ҰІӨ дағдыларының сапасы. Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік ас мәзірін құру және уақытылы құрылумен шығуын бақылау).

1. Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Кокишева тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: «Жалпы білім дағдыларының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балбақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың оқу іс-әрекет үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты.

Тәрбиеші ақпарат беруші, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденішу, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Оқу тәрбие үрдісін жоспарлауда әр тәрбиешіден үлкен еңбек талап етіледі. Сондықтан тәрбиешіге зор талаптар жүктеледі. Балабақшамызда осы талаптарға сай мамандарымыз қалай жұмыс жүргізуде, оны өткізіп жатқан іс –шаралар, ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерінен, мерекелік іс –шаралардан байқалады. Сон да, біз сапасын көп көңіл бөліп, толықтыра түсуіміз, ізденуіміз қажет деп ойлап, үлкен жауапкершілікке шақырамын» . Біздің «Білімді тәрбиеші! Байқауымызда жақсы өтті. Педагогтардың ізденісі, олардың білімге жауапкершілікке, білемін, табамын, іздеймін деген талпыныстары мені қатты қуантты. Сіздерге шығармашылық табыс тек балаларымыз білімді болсын деп сөзін қорытындылады.

2.Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Таласова қайта тоқталып өтті. Балабақшамыздың педагогтерінің үздіксіз кәсіби дамуы мақсатында:

ҚР Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) педагогтерді

аттестаттау рәсімінің әдістерін толығымен қайта қарады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізілді және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығымен бекітілді (ҚР ӘМ нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 34217 болып тіркелді (бұдан әрі – Қағидалар)).

Автоматтандыруды енгізуге байланысты Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары 2 кезеңге: автоматтандыру енгізілгенге дейін (бұйрыққа 1-қосымша) және автоматтандыру енгізілгеннен кейін (бұйрыққа 2-қосымша) бөлінеді: осы қаулымен таныстырылып, түсіндірме жұмыстары қайта жүргізіліп жұмыстар атқарылуда. Санаты бар тәрбиешілер кезекте тұрған аттестаттаудан өтетін педагогтарға қолдау көрсетіп өз тәжірибелерімен бөлісіп жатыр. Педагогтар уәкілетті оргон бекіткен аудандық байқауларға қатысып, тәрбиеленушілерді офлайн және онлайн байқаулармен жарыстарға қатыстырып жатыр. Өз мақалаларын үздік ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарларын мақала бетіне жариялап тәжірибелерімен бөлісуде. Сонымен қатар біліктіліктерін арттыруда. Мұның барлығы санат алу үшін «Педагогтарды аттестаттау қағидаларының 72 бұйрығындағы» негізгі талаптары болып табылады.

Сөйледі: әдіскер М.Анатолийқызы қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сурет салу, құрастыру, жапсыру, шығармашылық зерттеушілік іс-әрекеттер бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасына тоқталып өтті. Тек ҰІӨ барысында ғана емес, күн сайын өткізілуде. Табиғат аясында тәрбиешілер психологпен бірлесе отырып қызықты жаңа әдістермен ерекшелендіріп, баланы жалықтырып алмайтындай, өткен іс-әрекетті тез қабылдай алуы, есте сақтауы, логикалық ойлауы, шапшаң әрі ұқыпты орындай алулары тапсырмаларды тиянақты орын алатындай дағдыларын қалыптастыруда жақсы жұмыстар жүргізілуде деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі А.Алихановна Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік ас мәзірін құру және уақытылы құрылумен шығуын бақылау жұмыстары үздіксіз жүріп отыруы керек деп ескертті. Бұл біз үшін өте маңызды. Санпин талаптарын сақтау оны орындау, тәрбиеленушілердің денсаулығы мен олардың қауіпсіздігі біз үшін маңызды деді. Сонымен қатар алдағы атаулы мерекелік іс-шараларды қолға алып, ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, жұмыстар атқарылсын деп сөзін қорытындылады.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Педагогтарды аттестаттау бойынша жұмыстар жалғассын.

3. Ертеңгілік 7- наурыз, күндері өткізілсін.
Жауапты: әдіскер:М.Таласова және топ тәрбиешілері.
4. Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік ас мәзірін құру және уақытылы құрылумен шығуын бақылау жұмыстары үздіксіз жалғасын тауып отырсын.

Жауаптылар: Медбике: Д.Әмірбек, ш/м С.Есетхановна

Жиналыс төрайымы:

А.Кокишева

Хатшы:

Г.Рисмухамедова



Меңгеруші жанындағы кеңестің

№5 хаттамасы

25.04.2024ж

Күн тәртібі

1. Тиімді теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру есебі.
2. «Бестемше» ұлттық ойын құралы арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыру. Ересек топтары.
3. Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау қорытындысы.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Кокишева сөз алды. Әрбір мереке, іс –шараларды өткенде басты мақсатымыз ата –аналарымызбен бірлесе отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылықта іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту.

Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата –аналар да жақсы көңіл –күйде болды.

Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік ас мәзірін құру және уақытылы құрылумен шығуын бақылау жұмыстары үздіксіз жалғасын тауып отыруы қажет. Біз үшін бұл маңызды. Бұл тек біррет қана қаралып қойатын мәселе емес, балалардың тамақтануы олардың Санпин талаптарына сай болуы, гигиеналық тазалық, асхана, ойын тамақтану бөлмесі барлығы да әрқашан тазалықты талап етіп отыратын орындар. Әрине бақшамыздың бұл жұмыстары күнделікті таңғы тесеруден басталады. Бөлменің ауасының тазалығы, сүлгі, жатын орындардың тазалығы біз үшін басты жұмыстарымыздың бірі. Қай іс болмасын жауапкершілікпен атқаруды талап етеді.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша әдіскер М.Таласова «Бестемше» ұлттық ойын құралы арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыру мақсатында ересек топтары «Айгөлек» және «Шұғыла» топтары арасында ұлттық ойындарымыз жарыс түрінде өткізілді. Әрине педагогтарымыздың жетекшілігімен.

Сөйледі: тәрбиеші Абдіраман А.А. «Бестемше» ұлттық ойын құралы арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін, танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында өткізілді.Бестемше ойынының маңыздылығына тоқталып өтсем, бұл:

- Ойлау жүйесін дамыту;
- Дербестікке үйрету;
- Назарды шоғырландыру;
- Уақытты тиімді падалану;

- Жоспарлау және бас тартуды үйрету;
- Жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту;
- Қол моторикасының дамуы;
- Жан-жақты қалыптасу.

«Бестемше» ойыны ұл ойын ойнаушы талғамайды: бала да, жас та, кәрі де, ойнай береді. Бестемше ойындарын 5 жастағы баладан бастап егде жастағы адамдар арасында ой спортының дағдысын қалыптастыруға болады. Балғын ойыншыларға ұлттық зияткерлік ойынның тарихы бойында түзілген ақпараттарды таныстыру оларды ойынға қызықтыра және мүдделі ете түседі.

Осы мақсатта «Бестемше ойынын» біздер екі ересек топта тәрбиешілермен ақылдаса аптасына бірреттен ойнатып, балаларды жарыстырып қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолға алып жұмыс жасаудамыз.

3Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Кокишева: Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау қорытындысы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтты.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жүйелі жүргізу қажеткені айтып өтті. Жиналыс соңында ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өткен шешімнің орындалуы қанағаттанарлық.
2. 8-наурыз, Наурыз мерекелері жақсы өтті деп бағалансын.
3. «Бестемше» ұлттық ойын құралы арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыру мақсатындағы жоспарлы жұмыстар жалғасын тапсын.1

Жиналыс төрайымы:

А.Кокишева

Хатшы:

Г.Рисмухамедова



